

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

БЕКІТЕМІН

**Ғылыми кеңес төрағасы,
ҚарМТУ Ректоры,**

_____ **Ғазалиев А.М.**

« ____ » _____ **2015 ж.**

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

КК 2110 «Қазақстандық құқық» пәні

АЕ 17 Әлеуметтік-этикалық модуль

5В012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығы

Оқыту нысаны күндізгі

Әскери-техникалық факультеті

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

АЛҒЫ СӨЗ

Оқу жұмыс бағдарламасын әзірлегендер: Аға оқытушы Кожухова Мадина Муратовна, Аға оқытушы Мусаева Жайдары Төлеубаевна.

«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының мәжілісінде талқыланды

« ____ » _____ 2015 ж. № _____ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Балшикеев С.Б. « ____ » _____ 2015 ж.

«Сәулет-құрылыс» факультетінің оқу әдістемелік кеңесімен мақұлданды

« ____ » _____ 2015 ж. № _____ хаттама

Төраға _____ « ____ » _____ 2015 ж.

(Аты-жөні)

(Қолы)

« _____ » кафедрасымен келісілді

Кафедра меңгерушісі _____ « ____ » _____ 2015 ж.

(Аты-жөні)

(Қолы)

Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттер саны	ECTS	Сабақтардың түрі					СӨЖ сағаттары саны	Жалпы сағаттар саны	Бақылау түрі
			Қосылған сағаттар саны			ОСӨЖ сағаттарының саны	Барлық сағаттарының саны			
			Лекциялар	Семинар сабақтары	Зертханалық сабақтар					
4	2	3	15	15		30	60	30	90	Емтихан

Пәннің мақсаты

«Құқық негіздері» пәнін оқытудың мақсаты: қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру, қоғамдық және жеке құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру, Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекетті жетілдіру жағдайын еңгізу.

Пәннің міндеті

Пәнді оқытудың басты міндеті қазіргі қоғам талабы мен мүддесіне негізделген. Пәнді оқытудың басты міндеті заңгер мамандығынан басқа мамандықта оқитын студенттердің мемлекет және құқық теориясының негіздерін меңгеруі, ұлттық құқықтың жетекші саласында қажетті білім алуы болып табылады. Сонымен қатар келесідей міндеттер де негізге алынады: білім алушыларға қоғам өмірінде мемлекет пен құқықтың орны мен рөлін айқындап беру, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің даму болашағы мен мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік құқықтық механизмді жетілдірудің саяси-субъективті құқықтарды жүзеге асыруды дағдыландыру.

Оқу курсы барысында студент минимум келесідей білімді алуға тиіс: Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларының жүйесін; мемлекет және құқық теориясының салалық заңнамалық маңызды нормаларының негізгі анықтамасы мен категориясын; адам және азаматтың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру мен тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтауды.

Курсты оқу барысының нәтижесінде студенттер білу қажет:

- Ұлт жоспары - Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамды білу;

- құқық пен мемлекеттің негізгі түсініктерін, мемлекет, құқық, демократия, адам құқықтары мен бостандықтарының негізгі идеялары мен проблемаларын ашатын сұрақтарды білу;

- құқық саласындағы әдебиеттермен, заңдармен өзге де нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істей білу; сондай-ақ жалпы Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін талдау әдістемесін білу;

- Қазақстанның қолданыстағы заңдары туралы жалпы мағлұматтарының болуы және олардың қоғамдық қатынастардағы орны мен қызметін білу;

- жалпы ғылыми тәсілдерді, сондай-ақ өздерінің ғылыми зерттеулеріне қолданылатын арнайы тәсілдерді түсіну және білу;
- қарастырылатын әрбір құқықсаласында жүйелі түсінік жасай біліп, қазіргі ғылыми зерттеулерге сын көзқараспен қарай біліп, тұжырымдар жасай алу;
- талданатын әр түрлі құқық салалары бойынша жауаптылық мәселелерін білу;
- проблемаларды шешудегі дербестік пен түпнұсқалық және кәсіби деңгейде дербес жоспарлауды және шешу жолдарын білу қажет.

Дағдылана білу:

- Нормативтік құқықтық актілерді берілген әр түрлі құқық салаларына байланысты дұрыс қолдануға дағдылану;
- оқиғалық есептерді шешу процесінде, тәжірибеде заңнамалық нормаларды қолдануға дағылану;
- әр түрлі құқық салалары бойынша оқиғалық есептерді шешу кезінде аналитикалық ой тұжырымдарды қолдана білуге дағдылану;
- өзінің білімін дамытуға және тереңдетуге және жоғары деңгейде болуға дағдылану;
- жетістікпен жұмысқа орналасуға қажетті сипаттар мен дағдыларды игеруге, жеке жауапкершілікті талап ететін бастамашы болуға, қилы жағдайларда проблемаларды шеше білуге, тұрақты болуға, тұрақты кәсіби даму үшін дербес қабілетті болуға дағдылану қажет.

Игеру қажет:

- Құқық теориясы саласындағы білімдерді игеру;
- ғылыми және тәжірибелік терминдер мен ұғымдарды еркін игере білу;
- ситуациялық есептерді шешуде тәжірибелік дағдыларды игере білу;
- барлық құқық саласы бойынша отандық және халықаралық заңдылықтарды игере білу қажет.

Айрықша деректемелер

Берілген пәнді оқу үшін келесі пәндерді (бөлімдерді (тақырыптарды) көрсетумен) меңгеру қажет:

Пән	Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы
Қазақстан тарихы	Тәуке хан; Жеті Жарғы; Қасым хан; Қасым ханның қасқа жолы
Әлеуметтану	Әлеуметтік мемлекет. Жанұя әлеуметтануы. Қоғамның әлеуметтік құрылысы

Тұрақты деректемелер

«Құқық негіздері» пәнін оқу кезінде алынған білімдер студенттер практикада, жұмысқа орналасарда және күнделікті өмірде нормативтік-құқықтық құжаттарды меңгеру барысында қолданылады.